

Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі Қазақстан Республикасының үшінші кезеңдік Ұлттық баяндамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 қарашадағы № 831 қаулысы.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің 5/1 қарарына қосымшаның 15 а) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі Қазақстан Республикасының үшінші кезеңдік Ұлттық баяндамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі Қазақстан Республикасының үшінші кезеңдік Ұлттық баяндамасын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 6 қарашадағы
№ 831 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі үшінші кезеңдік Ұлттық баяндамасы

I. Әдіснама

1. Осы Ұлттық баяндаманы Әділетмині мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасай отырып дайындады және ол ӘКШ-ның Екінші кезеңдік шолуында қабылданған ұсынымдарды іске асыру нәтижелерін сипаттайды.

2. Мемлекеттік органдармен бірлесіп, ӘКШ Екінші кезеңдік шолуының қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдарды іске асыру бойынша Ведомствоаралық жоспар бекітілді.

3. Үкімет барынша ашықтықты және екінші ӘКШ ұсынымдарын іске асыру процесін тәуелсіз мониторингтеуді қамтамасыз етті. Әділетмині орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен үкіметтік емес сектордың және екінші ӘКШ ұсынымдарын іске асыру процесін тәуелсіз бағалау жөніндегі ҰЕҰ-ның қатысуымен 13-тен астам кездесуді ұйымдастырды. Аралық есептер жыл сайын ҰЕҰ-ның және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттер өкілдіктерінің қатысуымен СІМ

жанындағы "АӨДА" ККО отырыстарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның отырыстарында ұсынылды.

4. Қабылданған ұсынымдарды іске асыру процесінде Үкімет Адам құқықтары жөніндегі қазақстандық халықаралық бюроның бастамасы бойынша қазақстандық ҮЕҰ әзірлеген және ұсыным берген адам құқықтары саласындағы заңдардың орындалуында анықталған коллизиялар мен олқылықтарды жою және заңдылықты және "Адам құқықтары үшін хартия" қоғамдық қорын сақтау жөніндегі салалық жол карталарын ескерді.

II. Жалпы мәліметтер

5. Қазақстан адам құқықтары саласындағы міндеттемелердің орындалуын бағалаудың және оның сындарлылығы мен ашықтығын қамтамасыз етудің сыртқы құралы ретінде ӘКШ-ның маңыздылығы туралы позицияны ұстануды жалғастыруда. Мүше мемлекеттердің ӘКШ-ға қатысуының тиімділігі анағұрлым үздік халықаралық стандарттар және БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің озық тәжірибесі ескеріле отырып, нақты заңнамалық және практикалық шаралармен қамтамасыз етілуге тиіс.

6. Соңғы жылдары Қазақстанда бірқатар негізге алынатын мемлекеттік бағдарламалар ("Қазақстан-2050" стратегиясы, "Нұрлы жол" инфрақұрылымдық бағдарламасы, Қазақстанның 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары, "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы, қазақ тілінің әліпбиін латын графикасына көшіру) қабылданды, сол арқылы мемлекеттің ондаған жылдарға арналған стратегиялық мақсаттары мен алдағы дамуының негізгі бағыттары белгіленді. Осы құжаттарды әзірлеу халықаралық және ұлттық тәуелсіз сарапшыларды тарту арқылы кең қоғамдық пікірсайыстармен сүйемелденді.

7. 2017 жылы мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі конституциялық реформа жүргізілді, Президенттің өкілеттіктерін беруге байланысты Парламент пен Үкіметтің азаматтар алдындағы рөлі мен жауапкершілігі күшейтілді. Қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін білдіру және ескеру мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдар жанынан қоғамдық кеңестер құру арқылы халық пен Үкімет арасында "кері байланыс" тетігі қалыптастырылды. Орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының, сондай-ақ мемлекеттік университеттер ректорларының халық алдында жыл сайын міндетті есеп беруі енгізілді.

8. Қауіпсіздік кеңесінің елдің ұлттық қауіпсіздігі және қорғаныс қабілеті саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қарау жөніндегі рөлі мен міндеттері Заң деңгейінде күшейтілді.

9. 2019 жылдың бірінші жартысында Қазақстанда биліктің бейбіт және ашық транзиті өтті. Н. Назарбаевтың өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуына байланысты 2019 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы мерзімінен

бұрын өтті. Жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында Үкіметке азаматтардың сыны мен сындарлы ұсыныстарына дереу ден қою мақсатында "Халық үніне құлақ салатын мемлекет" тұжырымдамасына тез арада көшу, халықпен және бизнеспен тиімді коммуникацияны орнату бойынша тапсырма берді.

10. 2018 жылы жергілікті өкілді органдар депутаттарын сайлаудың пропорционалды жүйесін енгізуді қоса алғанда, саяси бәсекелестікті, көппартиялылықты және пікірлер плюрализмін дамытуға бағытталған сайлау және жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңдарға түзетулер қабылданды.

11. 2019 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті жыл ішінде зорлық-зомбылық, адам саудасы және жеке тұлғаға, әсіресе, балаларға қарсы қылмыстар үшін жазаны қатаңдату, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, нормативтік құқықтық актілер жобаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасын қайтару, сот дауларында мемлекеттік органдарға қарсы азаматтар мен бизнес үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік әділетті енгізу, әкімшілік полицияны реформалау, азаматтық қоғамды дамытудың және орталық және жергілікті мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңестердің мандатын күшейтудің, сондай-ақ митингілер туралы заңнаманы жетілдірудің жаңа тұжырымдамасын қабылдау жөнінде Парламент пен Үкіметтің экономикалық, әлеуметтік сипаттағы заңнамалық және практикалық шаралар қабылдауын көздейтін Жалпыұлттық жоспар қабылданды.

12. Азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында сот және құқық қорғау жүйесін реформалау шеңберінде Жоғарғы Сот сот шешімдерінің сапасын жақсарту, сот практикасының бір үлгіде болуын қамтамасыз ету, судьялардың біліктілігін арттыру, сот ісін жүргізуге және сот шешімдерінің орындалуын бақылауға цифрландыру енгізу жөнінде елеулі шаралар қабылдауда. Қабылданған шаралар бүгінде оң нәтиже беруде. Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингінде Қазақстан соңғы 4 жылда сот ісін жүргізу сапасының индексі бойынша әлемнің 190 елі арасында бірінші ондыққа (2018 жылы 4-орын) кіреді.

13. 2030 жылға дейін тұрақты даму саласында Күн тәртібі қабылдаған сәттен бастап Қазақстан білім беру, кәсіпкерлікті дамыту, көрсетілетін қаржы қызметтеріне және қаражатына қолжетімділікті кеңейту, кедейлік тауқыметін төмендету және сот жүйесін жаңғырту мәселелерінде прогреске қол жеткізе білді. ТДМ индикаторлары мен көрсеткіштерінің 79,9 %-ін Үкімет ұлттық стратегиялық жоспарлауға енгізді. Қазіргі уақытта бұл жұмыс одан әрі жалғастырылуда, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия Үкіметпен бірлесіп, бюджет қаражатын жоспарлау және

пайдалану кезінде әйелдер мен ерлердің, қыздар мен балалардың құқықтары мен мүдделерін жан-жақты ескеру мақсатында гендерлік бюджеттеуді күшейту мәселесін талқылауда.

14. 2016 жылдан бастап Премьер-Министр орынбасарының басшылығымен Үйлестіру кеңесі тарапынан ТДМ-ның іске асырылуын бақылаудың тұрақты тетігі жұмыс істейді. Оның құрамына мемлекеттік органдардың, ҮЕҰ-ның, БҰҰ өкілдігінің және басқа да халықаралық ұйымдардың өкілдері кіреді. Үйлестіру кеңесі Адамдар, Планета, Өркендеу, Бейбітшілік, Серіктестік сияқты 5 ведомствоаралық жұмыс тобынан тұрады.

15. Қазақстан терроризмге қарсы күреске бейілділігін сақтай отырып, терроризмнен еркін бейбітшілікке қол жеткізу үшін мінез-құлық кодексін қабылдау жөніндегі бастаманы қолдағаны үшін мүше мемлекеттерді және БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне алғыс білдіреді. Қазақстан осы саясатты жалғастыра отырып, "Жусан" гуманитарлық операциясы шеңберінде Сириядан қазақстандық әйелдер мен балаларды қайтару үшін пәрменді шаралар қабылдады.

III. Адам құқықтарын қорғау мен көтермелеудің жалпы негіздері, халықаралық міндеттемелер шеңберін кеңейту

125.10, 125.26, 125.28, 125.29, 125.33-ұсынымдар

16. Мемлекеттің ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатыны туралы конституциялық қағидатты ұстана отырып, заң шығару процесінде Парламент пен Үкіметтің қарауына енгізу мен әзірлеудің міндетті шарты заң жобасының тұжырымдамасында халықаралық тәжірибе мен қабылданған міндеттемелерді көрсету, сондай-ақ осы жобаны қоғамдық кеңестермен және үкіметтік емес ұйымдармен жария талқылау болып табылады.

17. Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрды, оның мақсаты барлық секторларда адам құқықтарын көтермелеу және қорғау, сондай-ақ өзекті жалпы мемлекеттік міндеттерді талқылауға азаматтық қоғамды тарту болып табылады. Кеңес құрамына танымал құқық қорғаушылар, экономистер және басқа да тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ АҚУ және БҚУ кірді.

18. АҚУ-дың конституциялық мәртебесін бекітумен қатар БҚУ институты енгізілді. Үкімет осы институттарды нығайту саясатын жалғастырады. Осы саясаттың кезекті қадамы ретінде үкіметтік емес секторды тәуелсіз мониторингтеуге тарта отырып, "Омбудсман+" моделі бойынша азаптаудың алдын алудың ұлттық алдын алу тетігін атап өткен жөн.

19. Екінші АҚУ ұсынымдарын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі адамдардың, әсіресе, балалардың құқықтарын қорғау және көтермелеу мақсатында 2015 жылғы ақпанда Қазақстан Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады. Қазіргі уақытта Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттаманы ратификациялау жүргізілуде.

20. БҰҰ өкілдігімен бірлесіп, төрт жыл ішінде ұлттық құқық қорғау тетіктерін жетілдіру және адам құқықтары саласында қабылданған міндеттемелерді тиімді іске асыру жөніндегі жоба іске асырылды. Жоба шеңберінде БҰҰ АҚЖКБ жаһандық индикаторлары негізінде 6 ұлттық индикатор әзірленді: азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне ұшырамау құқығы; өз елін басқаруға қатысу құқығы; білім алу құқығы; жеткілікті тұрғын үй құқығы; әділ сот талқылауы құқығы; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемасы. Осы индикаторлар адам құқықтарын қорғау және көтермелеу ахуалын ұлттық бағалауға енгізілетін болады.

21. Халықаралық, бірінші кезекте, адам құқықтары саласындағы шарттар ратификациялануға тиіс және Қазақстан Республикасының заңдары алдында басымдыққа ие. Оларда адам құқықтарын қорғау мен көтермелеудің негізгі қағидаттары мен нормалары белгіленгенін ескере отырып және нақты халықаралық шарттарға қатысты қабылданған міндеттемелердің сақталуын бақылаудың нақты ұлттық тетігін енгізу мақсатын ұстана отырып, 2017 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына әрекет алу (қолдану) шарттары заңнамада айқындалатыны туралы түзету енгізілді.

22. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді қолдану үшін міндетті шарт оларды ресми жариялау болып табылады. Мұндай актілерді ресми жариялау Қазақстан Республикасы заңнамасы тұтастығының үш қағидатының бірі ретінде бекітілген.

23. Адам құқықтарын әртүрлі салаларда қорғау жөніндегі күш-жігердің дәйектілігін және мемлекеттік және үкіметтік емес сектордың тұрақты диалогын қамтамасыз ету мақсатында консультативтік-кеңесші органдар қызметін жалғастыруда. Олардың ішінде – Адам құқықтары жөніндегі комиссия және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия.

IV. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдармен және тетіктермен ынтымақтастықты нығайту

125.35, 125.36-ұсынымдар

24. Қазақстан Словения, Норвегия, Украина, Қатар, Финляндия, Швейцария, Германия, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Америка Құрама Штаттары және басқа да БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық құқық қорғау қауымдастықтарымен және ұйымдарымен ынтымақтастықты тұрақты негізде жүзеге асырады.

25. БҰҰ, БҰҰ АҚК, АҚЖКБ, БҰҰДБ мекемелерімен, Нұр-Сұлтан қаласындағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар офисімен, ЮНИСЕФ, ЮНФПА, ДИАҚБ, ЕО, Penal Reform International, Ұлттық құқық қорғау мекемелерінің Азия-Тынық мұхит форумы, ИЫҰ,

Human Rights Watch, Amnesty International, Freedom House, Норвегиялық Хельсинки комитеті, Осло Бейбітшілік және адам құқықтары орталығы, АҚШ халықаралық діни еркіндік жөніндегі комиссиясымен жобалық серіктестік күшейтілді.

26. Қазақстан БҰҰ-ның шарттық органдарымен белсенді ынтымақтастық жасайды. Ұлттық баяндамалар қорғалды: 2014 ж. – Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция бойынша үшінші баяндама; 2015 ж. – бала құқықтары бойынша төртінші баяндама; 2016 ж. – күштеп жоқ қылып жіберу бойынша бірінші баяндама және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт бойынша екінші баяндама; 2017 ж. – БҰҰ-ның мүгедектер құқықтары жөніндегі комитетінде бірінші баяндама; 2018 ж. – БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясы бойынша төртінші баяндама, Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитетке 5-ші баяндама; 2019 ж. – Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт бойынша екінші баяндама және Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция бойынша сегізінші-тоғызыншы баяндама.

27. БҰҰ-ға 2009 жылы жіберілген ашық шақыру шеңберінде Қазақстанға 15-тен астам арнайы рәсімдер жасалды: құлдықтың қазіргі заманғы нысандары туралы мәселе бойынша (2014 ж.), діни немесе сенім бостандығы бойынша (2014 ж.), бейбіт жиналыстар бостандығына құқық туралы мәселе бойынша (2015 ж.), адам құқықтары үшін қауіпті заттар мен қалдықтарды экологиялық негізделген реттеу және жою салдары туралы мәселе бойынша (2015 ж.), мүгедектер құқықтары бойынша (2017 ж.), терроризмге қарсы күрес жағдайында адам құқықтарын көтермелеу және қорғау мәселелері бойынша (2019 ж.).

28. Мемлекеттік органдар арнайы рәсімдер қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдарды орындау бойынша кезең-кезеңімен жол карталарын қабылдады.

29. Қазақстан азаптауларға және зорлық-зомбылыққа, әсіресе, әйелдер мен балаларға қарсы мүлдем төзбеушілік саясатын берік ұстанады. Осыған байланысты БҰҰ азаптаудың алдын алу жөніндегі кіші комитеті делегациясының 2016 жылғы қыркүйектегі сапарының қорытындылары бойынша ұсынымдардың басым бөлігі ұлттық заңнамаға имплементацияланды. 2019 жылдың соңына дейін осы санаттағы қылмыстар үшін жазаны қатаңдату, олардың алдын алу және профилактикасы бойынша заңнамалық түзетулер қабылданатын болады.

30. ХЕҰ кәсіподақтарды біріктіру еркіндігі және олардың мәртебесін нығайту бойынша жұмыс берушінің жауапкершілігін күшейту және еңбекшілердің құқықтарын сақтау бойынша қабылдаған ұсынымдарын ескере отырып, тиісті заң жобасы Парламентте талқылануда.

V. Институционалды тетіктерге жалпы шолу, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына Париж қағидаттарын имплементациялау

125.11-125.17-ұсынымдар

31. Азаптауларға қарсы, ұлттық алдын алу тетігі конвенциясына Екінші факультативтік хаттама бойынша міндеттемелерді орындай отырып, Парламент АҚУ мандатын және азаматтық секторды кеңейтті. ҰАТ шеңберінде баратын мекемелер саны балалар әлеуметтік мекемелерін қоса алғанда, 2014 жылы 400-ден 2019 жылы 3 262-ге дейін артты. Қазіргі уақытта осы мандатты одан әрі нығайту және оны қаржылық тұрғыдан жеткілікті қолдауды қамтамасыз ету мәселесі талқылануда.

32. 2017 жылы Мемлекет басшысының бастамасы бойынша АҚУ-ды сайлау жөніндегі өкілеттік Парламент Сенатына берілді.

33. Азаматтардың және ҮЕҰ-ның адам құқықтарын бұзу туралы хабарламалары бойынша талдау функцияларын күшейту, қолданыстағы заңдарды мониторингтеу мақсатында АҚУ жанынан үкіметтік емес сектордың өкілдері мен ғалымдардан Сараптамалық кеңес құрылды және жұмыс істейді. ЖС-мен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысу тәжірибесінің ашықтығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету үшін азаматтық қоғам өкілдері бұл тетікке ротациялау негізінде екі жылда бір рет қатысады.

34. АҚУ-дың бастамасы бойынша және БҰҰДБ, БҰҰ АҚЖКБ, ЕО өкілдігінің қолдауымен Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан Омбудсмендерінің (CASI-NHRI) өзара іс-қимыл алаңы құрылды.

35. АҚУ БҰҰ аясындағы арнайы жұмыс тобының Қарт адамдардың құқықтары туралы халықаралық конвенцияны әзірлеу жөніндегі жұмысын және АSEM конференциясы (Азия-Еуропа кеңесі) форматында Қартаюдың проблемалары жөніндегі жаһандық орталығын құру бастамасын қолдайды.

36. Қазіргі уақытта БҚУ Президентке және Үкіметке осы институтты нығайту жөнінде ұсыныстар енгізді. АҚУ және БҚУ мандатын Париж қағидаттарына сәйкестендіру бойынша жұмыс жалғасады.

VI. Сот төрелігін жүзеге асыру және сот жүйесі

125.53, 125.68, 125.69, 125.70, 125.74-ұсынымдар

37. Қазақстан Республикасының Конституциясына және "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Конституциялық заңына сәйкес Қазақстанда сот төрелігін тек сот жүзеге асырады.

38. Сот төрелігін жүргізу кезінде судьялар тәуелсіз және тек Конституцияға және заңға бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді. Соттың сот төрелігін жүргізу қызметіне қандай да араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соқтырады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

39. Бұл кезеңде құқықтың үстемдігі мен азаматтардың жоғары сенімін қамтамасыз етуге бағытталған сот жүйесін ауқымды түрде жаңғырту жүргізілуде. Жүргізіліп жатқан реформалардың басты бағыттарына азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық тетігін жетілдіру, қазіргі заманғы әлемдік стандарттарға сай келетін сот ісін жүргізудің қолжетімділігі мен ашықтығы жатады.

40. 2015 жылы Президент бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша "100 нақты қадам – Ұлт жоспарын" бекітті, атап айтсақ: қазіргі заманғы мемлекеттік аппаратты қалыптастыру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсу, біртұтас болашақ ұлты, транспарентті есеп беретін мемлекет.

41. Жаңа Азаматтық процестік кодекс және "Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, "Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына түзетулер енгізілді.

42. 2018 жылы заң қызметтерін көрсету саласын одан әрі жетілдіру, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер сапасын, олардың азаматтарға, бірінші кезекте халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарына, олардың, әсіресе, ауылдық жерлерде тұратын адамдарға қолжетімді болуын қамтамасыз ету мақсатында "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды.

43. Азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету мақсатында бес сатылы сот төрелігі жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау) бірінші және апелляциялық инстанциядағы соттардың рөлін едәуір күшейте отырып, үш буынды (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшу жүзеге асырылды.

44. Сот кадрларын іріктеу, олардың мансаптық өсуі, кәсіби қызметін бағалау, сондай-ақ тәртіптік жауаптылыққа тарту тәртібі өзгертілді. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Жоғары Сот Кеңесі түбегейлі реформаланды, ол сот кадрларын іріктеудің тәуелсіз автономды органына айналды.

45. Халықаралық және ұлттық сарапшылармен бірлесіп, судьялардың тәуелсіздігін нығайту, сот ісін жүргізуді оңтайландыру және цифрландыру, қажетсіз сот рәсімдерін (төрешілдікті) жою, сот процесін істі қарау тиімділігіне, толықтығы мен уақтылығына бағыттау, алқабилер институтын нығайту мақсатында кезекті заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралар топтамасы дайындалды.

46. 2019 жылғы 21 ақпанда соттардың өзін-өзі басқаруын және судьялардың сот төрағаларынан тәуелсіздігін нығайтуға, тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану кезіндегі талаптарды қатаңдатуға бағытталған заңға қол қойылды.

47. Жоғарғы Соттың жаңа алқа органы – барлық инстанциялардағы судьялардың өкілдігін қамтамасыз ететін жалпы отырысы құрылды. Бұл институт соттың өзін-өзі басқаруын дамытуды, кадрлық шешімдерді қабылдаудағы тәуелсіздік пен объективтілікті қамтамасыз етеді.

48. Жоғарғы және облыстық соттар жалпы отырыстарының төралқалары да таратылды, бұл іс жүзінде сот төрағаларының ықпал ету құралына айналды.

49. Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін әкімшілік әділетті құру, сондай-ақ судьяға өз бастамасы бойынша дәлелдемелер жинау үшін жеке іс-әрекеттерді жасауға, өзінің құқықтық ұстанымын жасауға мүмкіндік беретін сот ісін жүргізу құқығын беру арқылы институционалдық ортада елеулі өзгерістер болады деп күтілуде.

50. 2018 жылдың басынан бастап Жоғарғы Сотта басқаруға проблемалық-бағытталған тәсіл енгізілді, 7 жүйелік жоба әзірленді. Олардың мақсаты – азаматтардың құқықтарын одан әрі қамтамасыз ету және сот жүйесіне деген сенімді арттыру.

51. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның жолын кесу Қазақстан соттарындағы қызметтің басым бағыттарының бірі болып табылады. ЖС-да Ішкі қауіпсіздік және соттарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі және оның облыстық және оған теңестірілген соттарда аумақтық бөлімшелері құрылды, олардың қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен сот жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі салалық бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады.

52. Бөлімнің мақсаты сот жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу және сот жүйесінің сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалауда нөлдік көрсеткішке қол жеткізу болып табылады.

53. Жобалық офис құрылды, Жоғарғы Соттың, Сот жүйесін дамыту жөніндегі кеңестің басым жобаларының портфолиосы, оларды іске асыру үшін жұмыс топтарының құрамы бекітілді.

54. Осылайша, келушілер үшін жайлылық пен сервис жасау мақсатында кедергісіз және қашықтан қызмет көрсету қағидаттарына көшу жүзеге асырылды. 66 сотта фронт-офис ашылды, жыл соңына дейін тағы 70 фронт-офис ашу жоспарлануда. "Виртуалды сот" жобасы шеңберінде оны іске асыру басталғаннан бастап қашықтықтан қатысумен 3,2 мың іс қаралды.

55. Бітімгершілік рәсімдерін дамыту және тараптар арасындағы жанжалды азайту бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде.

56. "Судья-татуластырушы" жобалары шеңберінде медиацияны қолданудың жаңа тәсілдері іске асырылуда. Республика бойынша соттан тыс татуласудың 46 орталығы және 1042 татуласу кабинеті, олардың ішінде 308-і соттарда ашылды.

57. Соттарда 84 татуластырушы судья, олардың ішінде 64-і 1-ші инстанциядағы соттарда жұмыс істейді. Олардың негізгі функциясы – сот процесіне дейін сотқа келіп түскен талап-арыздар бойынша даулар мен жанжалдарды бейбіт жолмен шешу. Тараптар медиация рәсіміне қатысқан даулардың жартысынан астамы (55%) татуласумен аяқталады.

58. Республиканың 27 сотында "Отбасылық сот" пилоттық жобасы іске асырылуда. Жобаға кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы азаматтық істерді және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерден туындайтын азаматтық істерді қарайтын облыс орталықтарының соттары қатысады.

59. Бұл соттардың ерекшелігі – отбасындағы жанжалдарды шешу, тараптарды татуластыру, баланың мүдделерін қорғау.

60. Әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде Жоғарғы Сот "Түнгі соттар" жобасын іске асырды, оларда әкімшілік құқық бұзушылық жасалған сәттен бастап 3 күн ішінде кешкі және түнгі уақытта істердің даусыз санаттары, яғни жол-көлік оқиғалары бойынша әкімшілік істер қаралатын болады. Мұндай істер бойынша міндетті шарт құқық бұзушының өз кінәсін мойындауы болып табылады.

61. Түнгі соттар азаматтарға ыңғайлы. Олардың дауы сотта жұмыстан тыс уақытта шешіледі, бұл сот шешімін әлдеқайда жедел алуға мүмкіндік береді, егер сақтандыру сомасын алғанға дейін барлық рәсімдер шамамен 100 күн болса, қазір 15 күн. Соттар 2018 жылы ЖКО-ға байланысты 7000-нан астам істі жаңа форматта қарады.

62. Сот жүйесін цифрландыру, "SMART COT" жобасы шеңберінде электрондық сот төрелігі дамуда.

63. 2016 жылдан бастап мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық бағдарламаларымен интеграцияланған "Төрелік" сот органдарының жаңа ақпараттық-талдау жүйесі енгізілді.

64. Ахуалдық орталық, "Сот кабинеті", "Сот актілерінің банкі", "Сот құжаттарымен танысу", "Істер тыңдау тізімі", "Сотқа шақырту қағазы" сервистері, sms және электрондық пошта жіберу арқылы сот процесіне қатысушыларды хабардар ету жүйесі табысты жұмыс істейді.

65. Атап айтқанда, "Сот кабинеті" сервисі пайдаланушыларға үйден немесе кеңседен шықпай сотқа талап-арыз (шағым) беруге және онлайн режимде мемлекеттік бажды төлеуге мүмкіндік береді. Осы сервис арқылы жылына орта есеппен 1 млн. астам құжат келіп түседі. Пайдаланушыларға 8 млн. сот актісіне қолжетімділік қамтамасыз етілді. Бүгінде талап арыздардың 90 %-і электрондық түрде беріледі.

66. Республикадағы сот отырыстарының барлық залдары электрондық хаттамалау мүмкіндігімен аудио- және бейнетіркеу (АБТ) жаңғыртылған жүйелерімен жарақталған, бұл сот отырысын жүргізу тәртібіне шағымдану үшін негіздемені, сот хаттамаларына ескертулерді азайтты. Бұдан басқа, АБТ жүйелері сот отырысының уақтылы басталуын орталықтандырылған мониторингтеу жүргізуге мүмкіндік береді, республика соттары арасында бейнеконференцбайланысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл сот отырысына қашықтықтан қатысуды (виртуалды сот төрелігін) қамтамасыз етеді. 2018 жылы қашықтықтан қатысумен 2,3 мың іс қаралды.

67. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап электрондық форматта қылмыстық сот ісін жүргізу басталды. 2018 жылдың қорытындылары бойынша келіп түскен электрондық қылмыстық істердің үлес салмағы 10 %-ті құрайды. Қазіргі уақытта қылмыстық істердің барлық санаттарын электрондық форматқа толық көшіру мәселесі талқылануда.

68. Сот жүйесінің жұмысындағы негізгі тренділердің бірі әлеуметтік желілердегі соттардың аккаунттары арқылы өтініш білдіруді жедел шешу болып табылады. Сонымен қатар, бұл мақсаттар үшін ЖС-тың Call-орталығы пайдаланылады, оған 2018 жылы 59000 қоңырау келіп түскен.

69. Электрондық сервистер, сот отырыстары залдарының аудио-, бейнетіркеу жүйелерімен 100 % жарактандырылуы, онлайн қызметтердің кең спектрі сот төрелігінің ашықтығы мен жеделдігі, процестік емес байланыстарды барынша азайту үшін жағдай жасайды.

70. Құқық саласындағы соңғы жылдардағы реформалар Қазақстандағы азаматтық сот әділдігін әлемдегі ең қолжетімді және жедел әрекеттердің бірі етуге мүмкіндік берді.

71. Соттар тұрақты негізде судьялар, сот қызметкерлері және халық арасында адам құқықтары саласындағы хабардар болу деңгейін арттыру (әйелдер құқығы мәселелері бойынша жұмыс жеке ұсыныстарды іске асыру шеңберінде де жүргізіледі) олардың құқықтарын бұзуға қарсы күресудің қолданыстағы рәсімдері мен құралдарын қолдану мәселелерінде азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

72. Сонымен қатар, ЖС-ның интернет-ресурсында "Әйелдерге арналған құқықтық көмек" бөлімі бар, онда әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жоюға қатысты нормативтік база, сот практикасы және пайдалы сілтемелер орналастырылған.

VII. Адам құқықтарын қорғау мен көтермелеудің нормативтік және институционалдық аспектілері

Өмір сүру құқығы

125.42–47-ұсынымдар

73. Қазақстан қылмыстық жаза түрі ретінде өлім жазасын қолдануға мораторийді сақтауды жалғастыруда.

74. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2003 жылы өлім жазасына мерзімсіз мораторий енгізілді.

75. Бұл ретте өлім жазасын қолдану саласын біртіндеп тарылту, сондай-ақ қылмыстық заңдардан өлім-жітіммен байланысты емес қоғамдық қауіптілігі аз баптарды алып тастау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Азаптаулардан қорғау (азаптаулардың алдын алу жөніндегі ұлттық тетіктер)

125.22–125.24, 125.48-ұсынымдар

76. 2019 жылы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты ҰАТ мандаты кеңейтілді.

77. Заңда ҰАТ алдын ала баруға жататын мекемелер мен ұйымдар санын кеңейту көзделген. Бұл тағы 200-ден астам мекеме, олардың қатарында балалар үйлері, мүгедек балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер, түзету мектеп-интернаттары, балалар үйлері және т.б. бар.

78. ҰАТ мандаты 3000-нан астам мекемені қамтиды.

79. 2500-ден астам алдын ала бару жүргізілді. 2014 жылы – 277 бару (14 жоспардан тыс), 2015 жылы – 528 бару (20 жоспардан тыс), 2016 жылы – 680 бару (14 жоспардан тыс), 2017 жылы – 534 бару (23 жоспардан тыс), 2018 жылы – 461 бару (27 жоспардан тыс).

80. ҰАТ моделі мекемелердегі құқық бұзушылықтарды тіркеуге және нысаналы, негізделген және өзекті ұсынымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді.

81. 2017 жылы Ыстанбұл хаттамасының ұсынымы негізінде Әділетмінің Сот сараптамалары орталығы азаптаулар мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер түрлері қолданылған жағдайлардағы Кешенді сот-медициналық және психологиялық-психиатриялық сараптамалық зерттеу әдістемесі әзірленді. Әдістемені басшылыққа ала отырып, сот-медициналық және психологиялық-психиатриялық сараптамалар жүргізіледі.

82. 2018 жылы "АӨДА" ККО отырысы шеңберінде СІМ жанындағы "Ұлттық құқық қорғау тетіктерін жетілдіру және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін тиімді іске асыру: II кезең" деген жобасының таныстырылымы, сондай-ақ "Ұлттық құқық қорғау мекемелері мен ҰАТ-ның бірлескен күш-жігерімен азаптаулардың алдын алу" ҰАТ екінші форумы өткізілді.

83. 2016 және 2018 жылдары Женевада БҰҰ АҚК сессиялары шеңберінде АҚУ мекемесі Қазақстанның Ұлттық алдын алу тетігі қызметін халықаралық қоғамдастыққа таныстыру мақсатында сайд-ивенттер өткізді. Іс-шараларға Қазақстанның мемлекеттік органдары мен ҮЕҰ өкілдері, халықаралық сарапшылар, БҰҰ шарттық органдары мүшелері, халықаралық құқық қорғау ұйымдары, дипломатиялық миссиялар өкілдері және тағы да басқалары қатысты.

84. 2018 жылы ҰАТ-ның "Ұлттық құқық қорғау мекемелерінің және ҰАТ-ның бірлескен күш-жігерімен азаптаулардың алдын алу" Екінші форумында мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және ҰАТ өкілдерінің қатысуымен ҰПМ қатысушыларының 2017 жылғы алдын ала барудың қорытындылары бойынша жыл сайынғы бірлескен баяндамасының таныстырылымы өтті. БҰҰ-ның Азаптаудың алдын алу жөніндегі кіші комитетінің мүшесі, Ұлттық құқық қорғау мекемелерінің

Азия-Тынық мұхит форумының өкілдері, Словения омбудсмені кеңсесінің, Орталық Азия елдерінің және Ресейдің ҰҚҚМ қызметкерлері шақырылды.

85. 2016 жылы "Пробация туралы" Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде пенитенциарлық және постпенитенциарлық рецидив деңгейін, сотталғандардың әлеуметтік пробация деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдануда.

86. Қазақстан Республикасының Президенті бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017 – 2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын бекітті. Үкімет осы стратегияны іске асыруға бағытталған іс-шаралар жоспарын қабылдады.

87. 2016 жылы Бас прокуратурасы азаптаудың себептері мен жағдайларын тиімді алдын алу және жою мақсатында Азаптауларға қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді шаралар жоспарын әзірледі.

88. 2018 жылы ҚК-ге түзетулер енгізілді, атап айтқанда азаптау қылмысы санатына іс жүзінде өкінуіне байланысты және татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуға тыйым салынды.

89. 2018 жылы "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Зорлық-зомбылықтан, басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттерден қорғау

125.49–125.53, 125.55, 125.58, 125.60–125.61, 125.71–125.73, 125.75-ұсынымдар

90. Тұрмыстық қылмыс профилактикасы полиция органдары қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады және мүдделі мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тығыз өзара іс-қимыл жасауға негізделеді.

91. 2009 жылы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және азаматтардың тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды.

92. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактілері бойынша шешімдер қабылдаудың, сондай-ақ арнайы ескерту-қорғау шараларын кеңейту жеделділігіне бағытталған тиісті өзгерістер жыл сайын енгізілді.

93. Құқық бұзушыларға ықпал етудің жаңа тетігі – зорлық-зомбылық құрбандарын уақтылы қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қорғау ұсынымдары шығарылды және құқық бұзушылардың мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленді.

94. 2012 жылдан бастап 2018 жылға дейін шамамен 70000 қорғау нұсқамалары енгізіліп, соттар шамамен 80000 құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптарды белгіледі (2018 жыл – 64000-нан астам қорғау нұсқамасы және құқық бұзушылардың мінез-құлқына 6600 мың ерекше талап).

95. Жыл сайын тұрмыстық қылмыстылық деңгейі орташа есеппен 7-10 %-ке төмендейді.

96. 2017 жылы Құқық қорғау жүйесін жетілдіру жөніндегі заңға қол қойылды.

97. 2017 жылдан бастап отбасылық бұзақыларға ерекше талаптар белгілеу шеңберінде 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге алкоголь ішімдіктерін, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды пайдалануға тыйым салынады.

98. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленушіге бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік қызметтер алу мүмкіндігі берілген.

99. Дағдарыс орталықтарында зорлық-зомбылық құрбандары болған әйелдер мен балалар уақытша пана, консультациялық әлеуметтік-құқықтық, психологиялық көмек, жұмысқа орналастыруда, әлеуметтік тұрғынжайға кезекке тұруда, жоғалған құжаттарды қалпына келтіруде көмек алады.

100. Мемлекет басшысының бастамасы бойынша 1999 жылы ІІМ жүйесінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер құрылды. 2018 жылы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен 12 000-нан астам әйел жүгінген (11 000 астамы дағдарыс орталықтарына жіберілген).

101. 2018 жылы полиция бөлімшелерінде жұмыс істейтін сенім телефондарына 10 000-нан астам қоңырау келіп түскен, олар бойынша тиісті ден қою шаралары қабылданды.

102. Полиция органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшесі тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасына байланысты іс-шараларды жүргізуге арналған біржолғы гранттар шеңберінде ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл жасайды.

103. 2018 жылы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен 22 000-нан астам әйелге консультация берілді. Сенім телефондарына 16 000-нан астам өтініш келіп түсті.

104. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандары туралы мәліметтерді кешенді жинау, сондай-ақ тұрмыстық және жыныстық зорлық-зомбылықты қоса алғанда, зорлық-зомбылықтың барлық нысандары туралы өтініштер беру жүйесі құрылды. Бұл жүйені БП-ның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті қалыптастырады.

105. Некені бұзу туралы азаматтық істерді қарау кезінде отбасыны сақтап қалумен қатар отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарауға бағытталған "Отбасылық сот" пилоттық жобасы іске асырылуда, бұл сот ісін жүргізуде медиаторлар мен отбасылық психологтар көмегін қолдану артықшылығын растайды. Бұл оларды қайталап жасаудың алдын алып қана қоймай, отбасын сақтап қалады.

Балалар құқықтары

125.18–125.21, 125.32, 125.51-ұсынымдар

106. Баланың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру мақсатында БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына бейілділікті растай отырып, әлемдік қоғамдастықтың балалар өмірі үшін қолайлы және мейірімді ортаны қалыптастырудағы күш-жігерін қолдай отырып, Президенттің 2016 жылғы Жарлығымен БҚУ институты құрылды.

107. БҚУ қызметі "Баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы Заңда регламенттелді.

108. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін, сондай-ақ олардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін БҚУ құрылған кезден бастап 2016 жылы мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, заңнамалық актілерге баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді.

109. Заңда БҚУ-ның білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау, қорғаныс, мәдениет және спорт жүйелерінің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне және кәмелетке толмағандар ұсталатын өзге де ұйымдарға, балалардың құқықтарымен айналысатын мемлекеттік және қоғамдық институттардың құжаттарына кедергісіз қолжетімділігі көзделген.

110. Заңда БҚУ-ға балалар құқықтарын бұзу туралы жеке шағымдар беру және оларды шешу реттелген.

111. Балалар құқықтарын бұзуға жедел ден қою, оларды қалпына келтіру және кезек күттірмейтін шаралар қабылдау үшін ақысыз негізде шұғыл көмек көрсету бойынша балаларға арналған тәулік бойы жұмыс істейтін сенім телефоны ("111") орнатылды.

112. 2018 жылы Баланың құқықтары туралы конвенцияның нормаларына сілтеме жасалған 15 098 іс (10 811 – азаматтық іс, 292 – қылмыстық іс, 3995 – әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс) аяқталды.

113. 2015 жылы жаңа ҚК балаларды сексуалдық және экономикалық тұрғыдан қанағаны үшін, ата-аналық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жаза қатаңдатылды. Жас балаларға қатысты зорлағаны және сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау көзделді.

114. ҚК-ның жаңа баптарында (121, 122, 124, 132, 134) белгілі бір лауазымды атқару және белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру белгіленіп, жазалау мерзімін айтарлықтай ұлғайту көзделді.

115. 2015 жылдан бастап ІІМ интеграцияланған дерекқорында "педофил" және "психиатриялық диспансерде есепте тұрған педофил" санаттары бойынша кәмелетке толмағандарға және жас балаларға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыс жасаған адамдарды есепке алу жүргізілуде.

116. 2016 жылдан бастап Заңда кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасағаны үшін жауаптылық күшейтілді.

117. 2018 жылдан бастап сот шешімі бойынша кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасаған адамдарға химиялық кастрация түрінде мәжбүрлеп емдеу шарасы енгізілді.

118. Әкімшілік қадағалау мерзімі 3 жылға дейін ұлғайтылды.

119. Құқық бұзушылардың мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптарды белгілейтін ӘҚБК баптарының тізбесі кеңейтілді (127, 434, 435, 440, 482, 485-баптар).

120. Кәмелетке толмағандарды сексуалдық қанауды және балалар порнографиясын насихаттау мақсатында байланыс желілері немесе құралдары пайдаланылған жағдайда Бас Прокурор немесе оның орынбасарлары уәкілетті органға желінің жұмысын уақытша тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдауды талап етумен заң бұзушылықты жою туралы ұсынымды енгізеді ("Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы).

121. Соңғы 5 жыл ішінде заңнамалық және ұйымдық-практикалық шаралардың арқасында кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған сексуалдық сипаттағы қылмыстар саны 23,5 %-ке азайды (2014 ж. – 943, 2018 ж. – 722).

122. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша 20 мамандандырылған ауданаралық сот табысты жұмыс істеуде.

123. Кәмелетке толмағандар жасаған және кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзатын қылмыстар туралы қылмыстық істер, сондай-ақ азаматтық және әкімшілік істер ювеналдық соттардың соттылығына жатқызылды.

124. Психологиялық, құқық қорғау және әңгімелесу үшін қолайлы жағдай қамтамасыз етіледі. Барлық мамандандырылған соттарда психологтар жұмыс істейді, олар кәмелетке толмаған адамның жеке басын, психологиялық мінездемесін және қоршаған ортасын түсінуде консультациялық көмек көрсетеді.

125. Соттар балалардың әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешуде көмектесетін қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды. Жоғарғы Сот ЖС жанындағы Сот төрелігі академиясымен бірлесіп, арнайы бағдарлама бойынша бала құқықтарына қатысты ұлттық заңнаманы, халықаралық шарттарды зерделеуге және қолдануға бағытталған дәрістік және практикалық сабақтардан тұратын курстар өткізеді.

126. 2016 жылдан бастап АПК-да кәмелетке толмағандардың істері бойынша арнайы ауданаралық соттардың сот ісін жүргізу істері тізбесі кеңейтілді және егжей-тегжей нақтыланды.

127. Жоғарғы Сотта: "Соттардың баланың шығу тегін белгілеуге байланысты істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы", "Соттардың балалар тәрбиесіне байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы", "Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы", "Соттардың бала асырап алу туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы" қаулылар қабылданды.

128. 2016 жылы кәмелетке толмағандардың мүдделерінде мәлімделген талап-арыз санының тұрақты түрде өскені (6,33 %) байқалады, мұның өзі қоғамның кәмелетке толмағандардың істері бойынша сотқа деген сенімі артуының көрсеткіші болып отыр.

129. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алимент өндіріп алуға қатысты істердің 40 000-нан астамы (ювеналдық соттар талқылауларының жалпы санынан 54,86 %) ӘҚБК-ке сәйкес қаралды.

130. Аяқталған істер саны соңғы екі жыл ішінде 6,26 %-ке артты, мұның өзі құқықтық жүйенің жетілгені туралы кәуаландырады. ЖС 2016 – 2018 жылдар кезеңі ішінде кассациялық тәртіппен 54 істі қарады.

131. Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігімен ЖС пен ЮНИСЕФ-тің "Қазақстанда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарды дамыту" атты бірлескен талдауын жүргізу туралы ұсынымдарды орындау шеңберінде істерді балалардың қатысуымен қарайтын судьяларды даярлау және біліктілігін арттыру үшін кешенді оқу курстарын дайындау мақсатында кездесулер өткізілді.

132. Кәмелетке толмағандарға қатысты еңбек заңнамасын бұзудың 16 (14-і ойын-сауық мекемелеріндегі жұмыспен байланысты, 2-еуі ауыл шаруашылығында), өзге де орындарда 18 фактісі анықталған.

133. Жұмыс берушілерге қатысты прокуратура, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарына 52 ұсыным жіберілді.

134. 2016 жылдан бастап "Байланыс туралы" Заңмен Республика аумағынан пайдаланушылар үшін 31000-нан астам материалға (26081 – қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, өзіне-өзі қол жұмсау мен порнографияны насихаттаумен байланысты, 3115 – терроризм мен діни экстремизм идеяларын насихаттау, 490 – есірткі құралдарын насихаттау, 448 – интернет-казино қызметін көрсету және басқалар) қолжетімділік шектелді.

135. 2017 жылы Республика аумағынан пайдаланушылар үшін 10000-нан астам материалға (5532 – қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, өзіне-өзі қол жұмсау мен порнографияны насихаттаумен байланысты, 1958 – терроризм мен діни экстремизм идеяларын насихаттау, 718 – интернет-казино қызметін көрсету, 2113 – есірткі құралдарын насихаттау және басқалар) қолжетімділік шектелді.

136. Қазақстан заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларына сәйкес телекоммуникация желілерінде анықталған бұзушылықтар туралы мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасу тетігі жолға қойылған.

137. "Қазақстан Қауымдастығы интернеті" safekaznet.kz сайтында "Қазақстандағы құқыққа қарсы контентке қарсы іс-қимыл бойынша жедел желі" бар.

138. Келіп түскен шағымдар бойынша орналастырылған материалдарға құқықтық баға беру жедел түрде жүргізіледі. Заңсыз материалдар анықталған жағдайда заңнамаға сәйкес шаралар қабылданады.

139. 2017 жылы ақпарат және коммуникация мәселелері бойынша заңнамалық актілерге өзгерістер енгізілді. Осылайша, ӘҚБК-ға құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) нәтижесінде зардап шеккен бала туралы ақпаратты БАҚ-та таратқаны үшін әкімшілік жауаптылық енгізілді.

140. БАҚ туралы заңда құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) нәтижесінде зардап шеккен балалардың, сондай-ақ әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айыпталған кәмелетке толмағандардың жеке басына қатысты ақпаратты таратуға тыйым салу белгіленген.

141. Білім туралы заңмен балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпаратқа қолжетімділікті шектеу үшін арналған байланыс операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдалана отырып, білім алушылардың тәрбиеленушілердің интернет желісіне қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша қосымша функция көзделген.

142. 2017 жылдан бастап Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған Ақ сайттар каталогы жұмыс істейді. Жоба "Болашақ" қауымдастығы Үкіметпен бірлесіп, бастама жасап әзірлеген болатын және ол 3556 интернет-ресурстарын (549 қазақстандық және 3007 шетелдік сайт) қамтиды.

Әйелдер құқықтары

125.38–125.40, 125.54, 125.59, 125.78, 125.79-ұсынымдар

143. Біздің еліміз гендерлік теңдікті ілгерілету бейілділігін ұстанады және әлемдік қоғамдастықпен тығыз өзара іс-қимыл жасайды. Қазақстан Бейжің іс-қимыл платформасына қол қойды (1995 ж.), Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияны ратификациялады (1998 ж.) және Факультативтік хаттамаға қол қойды (2001 ж.).

144. Қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан ұлттық мақсат ретінде гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін саясат пен құқықтық шеңберді әзірледі.

145. 2006 – 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

146. Гендерлік теңдік қоғамның әлеуметтік жаңғыруының басты бағыты болып табылады, өйткені тең мүмкіндіктер жасау әйелдердің елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етуде маңызды құрауыш болып табылады.

147. Әйелдердің саяси тұрғыдан ілгерілеуіне уақтылы қабылданған арнайы шаралар ықпал етті. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша анағұрлым дайындығы бар әйелдер қатарынан шешім қабылдау деңгейіне әйелдерді ілгерілету жөніндегі 2016 жылға дейінгі кезеңге арналған іс-қимыл жоспары қабылданды.

148. Жалпы соңғы бес жыл ішінде саясатта, әсіресе Парламентте әйелдердің болу үрдісі байқалады.

149. Қазіргі уақытта Қазақстан Парламентінде депутаттардың жалпы санынан 34-і немесе 22 %-ті әйелдер, өткен жылғы (2011 ж.) шақырылыммен салыстырғанда (2011 ж. – 13,7 %, 2012 ж. – 7,8 %, 2013 ж. – 20,1 %, 2014 ж. – 20,1 %, 2015 ж. – 20,4 %, 2016 ж. – 21,7 %, 2017 ж. – 22,2 %) екі есеге артқан.

150. Еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде үкіметтік емес ұйымдар үлкен рөл атқарады. Қазақстанда 22398 ҰЕҰ, оның ішінде 500-ден астамы отбасы және гендерлік саясат мәселелерімен айналысады және әйелдер қоғамдастығы мүмкіндіктерінің кеңеюіне елеулі үлес қосып отыр.

151. 8220 ҰЕҰ-ны (36,7 %) әйелдер басқарады. Құрамына шамамен 70 ҰЕҰ кірген республикалық көшбасшы әйелдер мектебі желісі жұмыс істейді. Еліміздің барлық 17 өңірінде "Саясаткер – әйелдер клубы" құрылған және жұмыс істейді.

152. Дүниежүзілік экономикалық форумы жасаған Гендерлік теңдік туралы жаһандық есепте Қазақстан экономикалық, саяси және басқа да салаларда әйелдердің мүмкіндіктері оң бағаланатын елдердің қатарына кірді.

153. Әйелдердің азаматтық белсенділігін арттырудың оң үрдісі байқалады және үкіметтік емес әйелдер ұйымдары жұмыс істейді.

154. Гендерлік теңдік саласында 12 халықаралық құжат: Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция, Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты түбегейлі жою туралы декларация, Бейжің декларациясы және Іс-әрекет платформасы, 2015 жылғы "Біздің әлемді қайта құру: 2030 жылға дейін ТДМ саласындағы күн тәртібі" декларациясы және т.б. ратификацияланды.

155. Қазақстанда гендерлік саясатты дамыту Конституция, "Қазақстан-2050" стратегиясы, "100 нақты қадам – Ұлт жоспары", Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекеті қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама, БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы тұжырымдамасы, ОДМ және басқа да халықаралық шарттар негізінде әзірленген 2016 жылғы Қазақстандағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыруда көрініс тапты.

156. 2015 жылы "Гендерлік саясат" тақырыбы бойынша 3318 материал (республикалық телеарналарда – 589 сюжет, баспа БАҚ-тарда – 369 мақала, интернет-ресурстарда – 730 жарияланым; өңірлік телеарналарда – 657 сюжет, баспа БАҚ-тарда – 796 мақала, интернет-ресурстарда – 177 мақала) орналастырылды.

157. Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуды қоса алғанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары қабылдануда.

158. Соңғы 5 жыл ішінде шағын және орта бизнесте әйелдердің белсенділігі едәуір артты. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша саны 536,3 мың болатын тіркелген әрекет ететін кәсіпкерлер қатарындағы кәсіпкер әйелдердің үлесі 43,2 %-ті құрайды. Тіпті Қостанай және Қарағанды облыстары сияқты өңірлерде әйелдердің басшылығындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі 48 %-ке дейін жетеді.

159. Бизнесті тіркеу кезінде әйелдердің көпшілігі жеке кәсіпкер болғанды жөн санайды. Қазақстандық жеке кәсіпкерлердің 79,4 %-і – әйелдер (2014 жылы – 47,7 %). Бұл ретте 12 облыста және Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында кәсіпкер әйелдер саны ер адамдардан басым.

160. 2015 жылдан бастап 1926 әйел (1102-сі алғаш рет өз ісін ашты) микрокредиттер алған. Қосымша тағы 573 әйелге тұрақты жұмыс орындары құрылды.

161. 2012 жылы гранттық қаржыландыру аясында гендерлік құрамдас бөлікті кезең-кезеңімен енгізу үшін төрт жоғары оқу орнына зерттеу жүргізуге 12000000 теңге бөлінді.

162. 2010 – 2016 жылдары жалпы білім беру мектептерінде оқушылардың жалпы санынан 50 %-тен астамы қыз балалар білім алды.

163. 2006 – 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру үшін 2012 жылы ХЕҰ-ның Ананы қорғау туралы, Отбасылық міндеттермен еңбек ететін жұмыскер ерлер мен әйелдерге арналған тең қарау және тең мүмкіндіктер туралы конвенциялары ратификацияланды.

164. 2030 жылға дейінгі Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында нысаналы индикатор айқындалды – биліктің атқарушы, өкілдік және сот органдарында, шешімдер қабылдау деңгейіндегі мемлекеттік және корпоративтік секторларда әйелдер үлесі 2020 жылға қарай 22 %-ті, 2023 жылға қарай 25 %-ті, 2030 жылға қарай 30 %-ті құрайды.

165. 2015 жылы Гендерлік статистика көрсеткіштерінің жүйесін қалыптастыру әдістемесі бекітілді. Әдістемеді республикадағы әйелдер мен ерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайтын 72 көрсеткіш көзделген.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қорғау

125.1 -125.8, 125.54, 125.90–92-ұсынымдар

166. 2015 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция ратификацияланды.

167. 2013 жылы 32 құқықтық актіге көрсетілген Конвенцияға сәйкестігіне түгендеу жүргізілді. Қорытындылары бойынша 2015 жылы мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі 24 заңнамалық актіге (оның ішінде 3 Кодекске) өзгерістер енгізу туралы Заң қабылданды. Мүгедектердің өмір сүруі үшін кедергісіз ортаны дамыту, денсаулық сақтау, білім беру, көлік жүйесінде көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін, ақпарат ұсынуды, азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету бөлігіндегі құқықтық олқылықтар жойылды.

168. 2015 жылы мүгедектердің өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері, көші-қон және халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша заңдар қабылданды.

169. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен олардың қоғамдық өмірге араласуына тең мүмкіндіктер жасаудағы жұмыс Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір

сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі – Жоспар) (республикада 670000 мүгедек өмір сүреді, оның ішінде – 416000 – еңбекке қабілетті, 84000 – 18 жасқа дейінгі балалар) сәйкес жүргізілді.

170. 2016 жылдан бастап Жоспардың үшінші кезеңі (2016 – 2018 жылдар) іске асырылды.

171. Президенттің тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі Ұлттық жоспар әзірленді. Жоспардың негізгі бағыттарының бірі кешенді қолжетімділік және кедергісіз орта болып табылады, оның шеңберінде мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік интеграциясы мен тәуелсіз өмір салты қамтамасыз етіледі.

172. 2017 жылы Мүгедектерді оңалтудың техникалық құралдарының тізбесі кеңейтілді, есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі мамандарының қызмет көрсету уақыты жылына 30 сағаттан 60 сағатқа дейін ұзартылды, кохлеарлық импланты бар 18 жастан асқан мүгедектерге сөйлеу процессорларын ауыстыру бойынша қызмет алғаш рет көрсетіліп отыр.

173. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2018 жылғы шілдеден бастап бала кезден I топтағы мүгедек кәмелетке толмағандарға күтім жасауды жүзеге асыратын адамдарға арналған жаңа жәрдемақы (14000 отбасы үшін бұл қосымша ақшалай көмек) енгізілді.

174. Жәрдемақы өмір бойына тағайындалады, бұл тұрақты көмекке мұқтаж адамдарға сапалы күтім жасауды қамтамасыз етеді.

175. Медициналық әлеуметтік сараптамадан өтудің жаңа форматы әзірленді және пилоттық режимде сынамалануда.

176. Өтініш берушінің кезек күту тәртібімен әртүрлі мекемелерге кезең-кезеңімен жүгіну қажеттілігі алып тасталды. Оның орнына медициналық деректер негізінде сырттай куәландыру көзделуде.

177. 2018 жылы төрт облыста (Қарағанды, Ақмола, Қостанай, ШҚО) медициналық әлеуметтік сараптама жүйесін жаңғырту бойынша пилот іске қосылды.

178. Мүгедектікке байланысты сегіз көрсетілетін қызмет алдын ала белсенді қызмет көрсету форматына ауыстырылды. Осылайша, мүгедектер мен еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан адамдарға автоматты түрде МӘСК-дан кепілдендірілген мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады, сондай-ақ оңалту құралдары мен қызметтері ұсынылады.

179. 2018 жылғы 1 шілдеде мүгедектердің тыныс-тіршілігінің негізгі салаларындағы объектілер мен көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігі тұрғысында 31,5 мың объектіге паспорт берілді, олардың ішінде 21,1 мыңы бейімделуге жатады, 18,2 мың объекті бейімдеуден өтті.

180. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар үшін ТКБ жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша Жол картасының жобасы әзірленді. Ерекше

білім беруге қажеттілігі бар студенттер үшін тең жағдай және кедергісіз қолжетімділік жасайтын ТКБ ұйымдарының үлесі – 27 % (2018 жылғы жоспар – 30 %). 11 НҚА-ға ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдардың кәсіптер алуы үшін жағдайлар жасауға қатысты өзгерістер енгізілді.

181. 2016 жылы Қазақстан Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялады. Барлығына бірдей теңдік негізінде әркімнің қабілеті мен қалауына байланысты сапалы дайындықтың қолжетімділігі қазақстандық білім берудің барлық деңгейінде жүзеге асырылады.

182. Бұл білім мен ғылымның барлық бастамаларын мемлекеттік деңгейде, жеке сектордың және елдегі азаматтық қоғамдастықтардың мақсатты қолдауының арқасында мүмкін болып отыр.

183. 2017 жылғы 4 – 12 қыркүйекте ҚР-ға БҰҰ-ның Мүгедектер құқықтары бойынша арнайы баяндамашысы К. Девандас-Агиляр сапармен келді.

184. К. Девандас-Агиляр өз сапары барысында бірқатар мекемелер мен ұйымдарға, оның ішінде Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментіне, әлеуметтік қызмет көрсету, психикалық денсаулық орталықтарына, инклюзивті білім беретін мектептерге барды.

185. Арнайы баяндамашының ресми сапарының аяқталуы бойынша мемлекеттік органдардың өкілдерімен қорытынды кездесу болды, онда К. Девандас-Агиляр алдын ала тұжырымдар мен ұсынымдар қамтылған қорытынды мәлімдеме жасады.

186. К. Девандас-Агилярдың Қазақстанға сапарының қорытындылары бойынша баяндамасы Арнайы баяндамашының жыл сайынғы интерактивті диалог шеңберінде 2018 жылғы 6 наурызда Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ Кеңесінің 37-ші сессиясы барысында ұсынылды.

187. Осымен бір уақытта осы күні БҰҰ АҚК 37-ші сессиясы алаңында Қазақстанның Женевадағы Тұрақты өкілдігі Арнайы баяндамашымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің табысты қызметін ерекше атап өтіп, Қазақстанның мүгедектердің құқықтарын іске асыру мәселелеріндегі тәжірибесін ұсыну мақсатында сайд-ивент өткізді.

188. К. Девандас-Агилярдың пікірі бойынша БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясының 33 (1) бабында көзделген үйлестіру органының жұмыс жасауы бойынша қазақстандық тәжірибе неғұрлым табыстылардың бірі болып табылады және басқа мемлекеттерге үлгі болатын еді.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы

125.9, 125.27, 125.30, 125.41, 125.57, 125.80-90-ұсынымдар

189. Қазақстан Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттаманы ратификациялауға қатысты ұсынымды қолдайды. Оның күшіне енуі үшін мемлекетішілік рәсім жүргізілуде.

190. Заңнамада жұмыспен қамтуға мемлекеттік жәрдемдесудің әртүрлі шаралары, оның ішінде азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін квоталар белгілеу көзделген.

191. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет жұмысқа орналастыруда азаматтарға жәрдем көрсету жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді.

192. Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдар халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының 2-ден 4 %-ке дейінгі мөлшерінде мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгілеу арқылы қамтамасыз етеді.

193. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша БЖК – 2020 орнына Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қабылданды.

194. Бағдарлама халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдауды қоса алғанда, еңбек нарығында талап етілетін кәсіпті алудың тиімді жүйесін құруға, жаппай кәсіпкерлікті дамытуға, еңбек делдалдығының тиімді моделін құруға бағдарланған.

195. 2018 жылғы 1 наурызда Бағдарламаға қатысу үшін жүгінгендер саны 89,6 мың адамды құрады, олардың ішінде 72,3 мыңы Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізілді.

196. Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізілген адамдардың ішінде 50,2 мыңы жұмыссыз (56%), 1,8 мыңы өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар (2%).

197. 65,8 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырумен қамтамасыз етілген.

198. Колледждер базасында мектеп бітіргеннен кейін, жоғарғы оқу орындарына түспеген жастар үшін 2,5 жылға дейін тегін кәсіптік техникалық білім алу енгізілді. Оқытудан еңбек нарығында талап етілетін дағдылар мен білім алуға мұқтаж барлық жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар өте алады.

199. 2018 жылғы 1 наурызда 3921 адам, оның ішінде 1422 – жастар, 220 – табысы аз адам, 1 – жетім, мүгедектер қатарынан – 76 адам қысқа мерзімді кәсіптік біліммен қамтылды.

200. Ауылда да, қалаларда да микрокредиттеу құралдары кеңейтілді.

201. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде соңғы сыйақы мөлшерлемесі 6 %-тен аспайтын 8 мың АЕК-ке (19000000 теңге) дейінгі микрокредиттер қалаларда және моноқалаларда Даму Қоры арқылы, ауылдарда аграрлық кредиттік корпорация, ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры арқылы беріледі.

202. 2018 жылы 11,4 млрд. теңге сомасында 1079 микрокредит берілді. "Бизнес жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы өңірлік

кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қазіргі жұмыс орындарын қолдауға және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға бағытталған.

203. Бірыңғай бағдарлама шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне көрсетіледі.

204. Бағдарлама шеңберінде бос жұмыс орындарына дерекқордан – 7,8 мың жастар, 4,4 мың табысы аз адам, мүгедек – 348 адам, жетім – 2 адам; әлеуметтік жұмыс орындарына – 2,7 мың жастар, 1,2 мың – табысы аз азамат, 488 – мүгедек, 3 адам – жетімдер қатарынан; жастар практикасына – 7,2 мың жастар, 74 – табысы аз азамат, 110 адам – мүгедектер қатарынан, 1 адам – жетім, қоғамдық жұмыстарға – 5,6 мың жастар, 2,5 мың – табысы аз адам жұмысқа орналастырылды.

205. Өңірлерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кешенді жоспары бойынша электрондық еңбек биржасы арқылы 273000 адам жұмысқа орналастырылды, қосымша 160000 адам жұмысқа орналастырылды.

206. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықты әлеуметтік қамтамасыз етуді одан әрі жақсарту бойынша жүйелі өзгерістер дайындалды.

207. 2018 жылғы қаңтардан бастап соңғы 12 жылда алғаш рет ең төмен күнкөріс деңгейінің құрылымы қайта қаралды. Азық-түліктік емес бөлік үлесі 40 %-дан 45 %-ке дейін артты, азық-түліктік бөлік үлесі 55 %-ке дейін төмендеді, бұл халықтың тұтыну қарқынын көрсетеді.

208. Нәтижесінде барлық әлеуметтік төлемдер 16 %-ке дейін артты. Бұл 3 млн. астам қазақстандықтың табысына әсер етті.

209. 2018 жылы жалпы ауқымы АӘК көрсетудің жаңа форматы енгізілді.

210. Еңбекке қабілетсіз табысы аз азаматтарға АӘК шартсыз тәртіппен беріледі. Еңбекке қабілетті отбасы мүшелеріне ақшалай көмек олар жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысқан жағдайда көрсетіледі.

211. 2018 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті АӘК алушылардың 64 %-ті (70000 адам) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен қамтамасыз етілді (31,8 мың адам – тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылды).

212. 32000-нан астам табысы аз отбасы өз шаруашылығын дамытуға мүмкіндік алды, 2,2 мыңға жуық отбасы алынған қаражатқа жеке кәсіпкерлік қызметін ұйымдастырды немесе кеңейтті.

213. АӘК-дан басқа, табысы аз халықты әлеуметтік қолдау үшін өңірлерде әлеуметтік көмектің 14 түрі көрсетіледі.

214. Көрсетілетін көмек біржолғы, мерзімдік, мерекелік күндерге деп бөлінеді, ҰОС қатысушыларына, мүгедектеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге, табысы аз азаматтарға төленеді.

215. Табысы аз халықты барынша қолдауды қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін көмек түрлері саласында тұрақты негізде өзгерістер енгізіліп отырады.

216. Еңбек өтілімен төлемдердің өзара байланысын көздейтін зейнетақымен қамсыздандырудың базалық деңгейі жаңғыртылды.

217. 2018 жылғы қаңтардан бастап ортақ зейнетақы мөлшері 8 %-ға өсті, базалық зейнетақы өсімі 6 %-ды құрады. 2018 жылғы шілдеден бастап базалық зейнетақының орташа мөлшері тағы да 68 %-ға өсті. Бұл ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 %-дан 100 %-ға дейінгі еңбек өтіліне тепе-тең тағайындалатын базалық зейнетақы тағайындау әдістемесінің өзгеруіне байланысты.

218. Мемлекет басшысының 2018 жылғы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Жолдауын іске асыру үшін еңбек өтілі мен әлеуметтік төлемдер мөлшерлері арасындағы өзара байланысты күшейту бойынша Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы жаңа заң жобасы әзірленді.

219. Заң жобасы халықаралық сарапшылардың ұсынымдарын ескере отырып, МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындау параметрлерін қайта қарауды көздейді, бұл жұмыс істейтін азаматтардың әлеуметтік қорғалуын арттырады, сондай-ақ азаматтардың ресми жұмыспен қамтуға мүдделілігін күшейтеді.

220. Ана мен баланы кешенді қорғау, жүкті және бала емізетін әйелдер денсаулығын сақтау және нығайту әлеуметтік көмек пен әлеуметтік сақтандырудың көп деңгейлі жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі.

221. 2018 жылдан бастап балалары бар отбасыларға берілетін барлық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы 6 %-ке өсті. Бала туғанда берілетін жәрдемақы 121000 теңгені құрайды.

222. Жұмыс істейтін әйелдер үшін жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік төлемнің орташа мөлшері – 390000 теңге, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы төлем – 17000 теңгеден 32000 теңгеге дейін.

223. Үш жасқа дейінгі баланы күту зейнетақы тағайындау кезіндегі еңбек өтіліне есептеледі, әйелдерге бала бір жасқа дейінгі баланы күту кезеңінде міндетті зейнетақы жарналары субсидияланады.

224. 2018 жылға ана мен баланы қолдауға арналған шығыстар 275 млрд. теңгені құрайды, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 12 %-ке көп.

225. Ұлттық заңнамаға сәйкес оралмандарды және олардың отбасы мүшелерін қоныстандырған және қоныс аудартқан сәтке дейін бейімдеу қызметтерін алу мақсатында олардың уақытша тұруын қамтамасыз ететін Оралмандарды (репатрианттарды) уақытша орналастыру орталықтары жұмыс істейді.

226. Өңірлік сәйкессіздіктерді және демографиялық теңгерімсіздіктерді жою мақсатында Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасында ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады.

227. ҚР Конституциясында, заңдарында және басқа да нормативтік құқықтық актілерінде ел азаматтарына жалпыға міндетті тегін орта білім алуға кепілдік берілген.

Білім беру туралы заңға сәйкес білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі, білім беру жүйесін дамытудың басымдығы, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі болып табылады.

228. Білім туралы заңға сәйкес орта білім алғанға дейін мектеп жасындағы балаларды есепке алуды ұйымдастыру, оларды оқыту үшін тікелей жауапкершілік жергілікті атқарушы органдарға жүктелген.

229. 2017 жылы 7414 жалпы білім беретін мектеп (95 % – мемлекеттік және 5 % – жеке меншік) тегін міндетті орта білім алу құқығын қамтамасыз етті, онда 3 млн. бала білім алады.

230. Әрбір азамат үшін мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен мектептегі білім беруге деген қолжетімділік, колледж бен университетте жаңа кәсіптік дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыретті дамыту мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

231. PIRLS-2016 мәтінін оқу және түсіну сапасын Халықаралық зерттеуде Қазақстан оқушыларының орташа балы 536 балды құрайды. Қазақстан 50 ел арасында 27 орында тұр. Нәтиже Германия (537) және Словакия Республикасы (535) құрбыластарының көрсеткіштерімен салыстыруға тұрарлық.

232. Қазақстан "Білім беру" қосалқы факторы бойынша IMD-2018 Әлемдегі бәсекеге қабілеттілік рейтингінде 2017 жылмен салыстырғанда 6 тармаққа көтеріле отырып, 63 ел арасында 29 орынға ие болды.

233. 2018 жылы Қазақстан 80 елмен қатар жаңа компьютерлік форматта PISA-2018-ге қатысты. Зерттеуге шамамен 17000 оқушы және 597 мектеп директоры қатысты (70 % автоматтандырылған, 30 % онлайн-порталда ЭЫДҰ-ның өзі қадағалайды). Нәтижелері 2019 жылғы желтоқсанда жарияланатын болады.

234. 2017 жылдан бастап "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасы іске асырылуда. "Серпін" жобасы бойынша 14479 студент (колледждерде – 2276 адам, жоғары оқу орындарында – 12203 адам) білім алуда.

235. Мақсаты сапалы орта және жоғары білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және зияткерлік, дене бітімі, рухани дамыған, табысты азаматты қалыптастыру және т.б. болып табылатын Білім мен ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

236. Мектепке дейінгі білім беру саласында 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 93,1 %-ті құрайды. 2018 жылдан бастап Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында, облыстардың 25 қаласы мен 8 облысында (Ақтөбе, ШҚО, БҚО, СҚО, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Маңғыстау) бала-бақшаға кезекке қою мен жолдама берудің автоматтандырылған жүйесі іске қосылды.

237. Балалардың 43 %-і жаңартылған білім беру мазмұнымен қамтылды (2016 ж. – 12,6 %). Шамамен 150 мың мұғалім: 2016 жылы – 74149, 2017 жылы – 74558 мұғалім жаңартылған бағдарламалар бойынша оқытылды.

238. 2018 жылы 10 қазақстандық ЖОО (2017 ж. – 8) QSWUR әлемнің озық университеттерінің рейтингісіне алынды.

239. 2018 – 2019 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс ауқымы 66389 орынды (бакалавриат – 50894, магистратура – 13220, докторантура – 2275) құрайды.

240. 383 ұйым және 22081 адам зерттеулермен және ғылыми әзірлемелермен айналысады. 2018 – 2020 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылымды дамытудың 7 басымдығы шеңберінде іске асырылуда.

241. 2018 – 2020 жылдары гранттық қаржыландыру бойынша 1096 ғылыми жоба және ғылымды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 92 бағдарлама іске асырылуда.

242. Әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялау үшін ағылшын тілін оқыту және халықаралық ғылыми ұйымдарға өтінім беру рәсіміне үйрету және оқытатын бағдарламаларды жүргізу, оның ішінде ClarivateAnalytics, Springer базасында әлемдік басылымдардағы жарияланымдық белсенділікті арттыруға бағытталған бағдарламаларды жүргізу жоспарлануда.

243. "БЖК-2020-ның" маңызды бағыты бизнесті жүргізу негіздеріне үйрету және әлеуетті және жаңадан бастаған кәсіпкерлерді консультациялық сүйемелдеу бойынша жобалар кешенін қамтитын кәсіпкерлік әлеуетті қолдауды күшейту болып табылады.

244. "Бизнес-мектеп" құралы бойынша 17985 тындаушы бизнес-тренингтен өтті (іске асырылған сәттен бастап 164,3 мың), ШОБ топ-менеджменті бойынша 424 кәсіпорын басшысы қатысты (іске асырылған сәттен бастап 2949), "Іскерлік байланыстар" жобасы бойынша 536 адам оқудан өтті (іске асырылған сәттен бастап 4435), АҚШ және Германияның бейінді кәсіпорындарында 469 адам шетелдік тағылымдамадан өтті.

245. Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша 127,5 мыңнан астам консультация (іске асырылған сәттен бастап 972,7 мың), 55376 клиентке (іске асырылған сәттен бастап 492055) бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша қызметтер көрсетілді, 53692 (іске асырылған сәттен бастап 418199) кәсіпкер үшін 39720 (іске асырылған сәттен бастап 223424) сервистік қызметтер көрсетілді.

246. "100 нақты қадам – Ұлт жоспарының" 80-қадамында бастапқы көмек аурудың алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буыны болып табылатыны көзделген. 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде МСАК-ны жетілдіру жұмысы жүргізілуде.

247. Қазақстанда МСАК қызметін 525 жеткізуші бар, 29 % жеке ұйымдар болып табылады. БМСК ұйымдарында 11 013 учаске, 65 %-тен астам – жалпы практика

дәрігерлерінің учаскесі (7 267), 18 % – педиатриялық учаске (2 058) жұмыс істейді. Соңғы 2 жылда 1 жалпы практика дәрігеріне жүктемені төмендету мақсатында 2 171 учаске (2018 жылы – 1 054 учаске) ашылды.

248. 2018 жылы өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда туберкулезбен сырқаттану 8,7 %-ке және өлім-жітім 20 %-ке төмендегені байқалады. Туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруының осы үрдісі республикада анағұрлым жоғары болып табылады (ДДҰ миссиясының бағалауы бойынша, 2018 жыл)

249. Жаңа туған нәрестелерді туберкулезге қарсы вакцинамен қамту – 95 %.

250. Туберкулезді ерте анықтау үшін диагностиканың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қазіргі заманғы әдістері қолданылады.

251. ТҚҰ жанындағы барлық бактериологиялық зертханаларда туберкулезді жедел диагностикалау бойынша (2 сағат ішінде) жаңа инновациялық гендік-молекулалық зертханалық технологиялар енгізілді.

252. 2018 жылы емді бақылаудың инновациялық әдісі – смартфондарды пайдаланумен бейнебақылау емі енгізілді. Алғаш рет 8 облыста Жаһандық қор гранттары бойынша жоғары тәуекел топтарының адамдары үшін емдеу режимін бұзушыларды іздестіруде жәрдем көрсететін, емдеу және профилактикасы бейілділік бойынша ақпараттық жұмысты жүргізетін, диагностикадан өту үшін пациенттерді сүйемелдейтін 12 үкіметтік емес ұйымның жұмысы ұйымдастырылды.

253. Барлық ТҚҰ-ны, туберкулезге қарсы диспансерлерді тікелей орталықтандыру және ТҚҰ-ның барлық диспансерлік бөлімшелерін (туберкулез кабинеттерін) туберкулез деңгейін төмендету үшін МСАК желісінің рөлі мен жауапкершілігін нақты күшейтуге ықпал ететін медициналық-санитариялық алғашқы көмек желісінің заңды түрде жүргізуге беру қалыптасты. ТҚҰ-дағы инфекциялық бақылау жүйесін күшейту – халық арасында туберкулездің таралу қаупін барынша азайтуға бағытталған Ұлттық бағдарламаның және саясаттың басым міндеттерінің бірі.

254. Қыздар мен жас жігіттерді гигиеналық оқыту және жыныстық тәрбиелеу, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, АИТВ/ЖИТС бойынша оқу курсы және оқу құралдарын, әдістемелік ұсынымдарды қамтитын ДДҰ ұсынымдары негізінде білім беру бағдарламалары көзделген Азаматтардың ұрпақты болу денсаулығын нығайту жөніндегі жол картасы бекітілді.

255. "Денсаулық" денсаулық сақтауды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жасөспірімдер мен жастарға кешенді медициналық-психологиялық әлеуметтік қызметтер, оның ішінде ұрпақты болу денсаулығын сақтау бойынша қызмет көрсететін 96 Жастар денсаулығы орталығы жұмыс істейді.

256. Түсік тастау санын төмендету, жастардың ұрпақты болу денсаулығын сақтау, жастардың қажет емес жүктіліктің, түсік тастау профилактикасы бойынша хабардар

болуы, отбасын жоспарлау мектептері туралы жастар орталықтарының жұмысы тұрақты негізде жүргізіледі.

257. 2011 жылдан бастап МСАК ұйымдарының штаттық нормативтеріне өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасылармен жұмыс жасайтын әлеуметтік жұмыскерлер мен психологтардың лауазымдары енгізілді. 4268 әлеуметтік педагог, 8362 психолог бар.

258. Қазіргі қоғамда отбасы маңыздылығын арттыру, ұрпақты болу денсаулығы, жұртшылықтың назарын жастар мен толық емес отбасылардың проблемаларына аудару мәселелері бойынша отбасы денсаулығы орталықтары, жастарға достық клиникалары, жастар денсаулығы орталықтары және денсаулықты нығайту орталықтары құрылды.

259. Мектептің негізгі пәндерінде ұрпақты болу бойынша білім беру тақырыптарын кеңейту бойынша жұмыс жүргізіледі.

260. Өзіндік менеджментке пациенттерді белсенді тарту кезінде созылмалы аурулармен ауыратын пациенттерді динамикалық байқау бағдарламасын білдіретін САББ-ны енгізу жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда.

261. Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін (ШЖК) тарту мәселелерін реттейтін заңнама 2017 жылғы қаңтардан бастап еңбек көші-қоны режимін ырықтандыру жағына түбегейлі өзгерістерге ұшырады, жұмыс рұқсаттарын беру жүйесі қайта қаралды.

262. 2017 жылы рұқсаттар беру рәсімімен бірге жүретін барлық талаптар жойылды және рұқсаттар берудің жана ақылы жүйесі енгізілді, оған сәйкес рұқсат алу үшін жұмыс беруші салық алымын төлейді.

263. Беру мерзімдері қысқартылды (7 жұмыс күні).

264. Корпоратившілік ауыстыруды (КІА) жүзеге асыру рәсімі жетілдірілді. Заңнама ДСҰ стандарттарына сәйкес келтірілді. КІА Үкімет айқындаған экономика салаларында жүзеге асырылады, бұл ретте аталған рәсімнен басшылар, менеджерлер мен мамандар өтеді.

265. 2017 жылдан бастап біліктілік деңгейіне сәйкестік туралы анықтамалар бойынша шетелдік дербес ізденушілерді тарту жүйесі енгізілді.

266. КІА шеңберінде жергілікті қамту бойынша талаптар кадрларда менеджерлер мен мамандар үшін 50/50 арақатынаста оңайлатылған схемаға келтірілді және басшылар үшін толық күші жойылды.

267. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін келген бизнес-көшіп келушілердің рұқсатты алуы талап етілмейді.

268. Көші-қон саясатының тұжырымдамасын іске асыру үшін 2018 жылы көші-қон процестерін реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылданды, экономикада қажет етілетін шетелдік жұмыс күшін тарту тетіктері көзделді.

Аз ұлттар құқықтары

125.31, 125.34, 125.37, 125.77, 125.93, 125.94-ұсынымдар

269. Конституция нәсіліне, этностық қатыстылығына, дінге көзқарасына, әлеуметтік топтарға және қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепілдік береді.

270. "Бір ел – бір тағдыр", "Тегі басқа – теңдігі бір", "Әр алуандықтағы біртұтастық", "Ұлт рухының дамуы" ұлттық бірлік қағидаттары барлық қоғамдық даму стратегияларының, тұжырымдамалары мен бағдарламаларының мазмұнын айқындайды.

271. Өзіндік этносаралық өзара іс-қимыл моделі қалыптасты. Оның негізгі буыны Қазақстан халқы Ассамблеясы болып табылады, оның төрағасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы болып табылады.

272. Ассамблеяның қызметі интеграцияланған қоғамды қалыптастыруға бағытталған, оған барлық этнос өкілдері қоғамның қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріне тартылған.

273. Ассамблея елдің барлық саяси жүйесі деңгейлеріндегі этностардың мүдделеріне өкілдік етуді қамтамасыз етеді.

274. Ассамблеяның қызметіне азаматтың қатысу қағидаты басым болып табылады. Сондықтан оның құрамында ең алдымен этномәдени бірлестіктер азаматтық секторының өкілдері басым.

275. Ассамблея 1155 этномәдени бірлестігімен (29 – республикалық) ынтымақтастық жасайды. Олардың қызметін қолдау үшін ресурстық, мәдени және әдістемелік орталықтардың рөлін 40 ашық үй орындайды.

276. Азаматтық билік және азаматтық қоғам жүйесіне интеграциялау Ассамблеяға қоғам сұраныстарын уақтылы қалыптастыруға және трансляциялауға, этносаясатты түзетуге, уәкілетті мемлекеттік органдардың барлық өзгерістер мен үрдістерді икемді және жедел ден қоюына ықпал етуге мүмкіндік береді.

277. Дәстүрлерді, тілдерді және мәдениетті сақтау және дамыту саласындағы қолдау мемлекеттік саясат басымдықтарының бірі болып табылады.

278. Аз этнос тілдерін меңгеру мен дамыту үшін барлық жағдайлар жасалған. 190 жексенбілік мектеп жұмыс істейді, онда факультатив немесе үйірмелерде оқитындар 26 этнос дәстүрін, салтын және тілін меңгереді.

279. Этномәдени бірлестіктер аясында 15 тілде 52 баспа басылымы шығарылады. Телеэфирге 11 тілде 4 хабар шығады.

280. Қазақ және орыс театрларынан басқа Қазақстанда 4 ұлттық театр табысты жұмыс істеуде – өзбек, корей, неміс және әлемдегі жалғыз ұйғыр театры. 2016 жылы ұйғыр, корей және неміс театрларына "академиялық" театр мәртебесі берілді.

281. Интеграция элементі ретінде көптілділікті көтермелейтін Люблянск ұсынымдарымен байланыстыратын этностардың тілдерін меңгеру мен дамыту үшін жағдай жасаумен бір уақытта үш тілде білім беру енгізілуде.

282. Аз этностар отбасыларының балаларын мектеп білімімен барынша қамту, балаларға ана тілінде оқу мүмкіндігін беру үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдануда.

283. Әр өңірде этномәдени бірлестіктер қызметін үйлестіру бойынша жұмыстың, олардың мемлекеттік мекемелермен, оқу орындарымен өзара іс-қимылының үлкен тәжірибесі жинақталған.

284. Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық хатшылықтары облыстық жоспарға сәйкес 86 этномәдени бірлестікпен (24 – облыстық) этносаралық қатынастарды үйлестіру, ана тілдерді дамыту, ұлттық әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді насихаттау және сақтау бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді.

285. Қазақстанда 18 конфессия мен деноминацияны білдіретін 3693-тен астам діни субъектілер өкілдері, оның ішінде мормондар, кришнаиттер, муниттер, бахайлар және басқалар бейбіт өмір сүруде және өзара іс-қимыл жасауда. Олардың барлығы дінді еркін зерделей, діни құлшылық ету үшін жинала, діни әдебиеттерді тарата немесе қайырымдылық ұйымдарын құра алады.

286. Қазақстан дін бостандығын немесе барлық қоғам мүшелерінің нанымдарын бір уақытта қорғай отырып, барлық дін өкілдері арасында толеранттық пен диалогты дамыту бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде.

287. Елбасының бастамасы бойынша астанада әрбір үш жыл сайын әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері өтеді. Әлемнің ірі конфессияларының басшылары, белгілі саясаткерлер және халықаралық ұйымдар өкілдері дінаралық форумдардың қатысушылары болып табылды. Қазақстан басшысының шақыруын ислам, православие, католицизм, протестантизм, буддизм, индуизм, конфуцийшілдік, иудаизм өкілдері және басқалар да қабыл алды.

288. Қазақстанның мемлекеттік саясаты конфессияаралық үйлесімділікті нығайтуға, сақтауға және адамның діни наным-сенім бостандығына арналған құқықтарын сақтауға бағытталған. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін шақыру жөніндегі Қазақстанның халықаралық бастамасы осының дәлелі болып табылады.

289. 2018 жылғы 10 – 11 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында барлық әлемдік және дәстүрлі діндер мүдделерін білдіретін әлемнің 46 елінен келген 82 делегация, көрнекті саяси қайраткерлер және беделді халықаралық ұйымдар басшылары қатысқан "Діни көшбасшылар қауіпсіз әлем үшін" тақырыбындағы VI съезд өтті. Осылайша, діни негіздегі өткір мәселелерді бірлесіп талқылау және шешу, түрлі халықтардың діндері мен мәдениетінің диалогы, тәжірибе алмасу және діни толеранттылық рухын тәрбиелеу, бейбіт діндердің оң имиджін қалыптастыру үшін мүмкіндік жасалды.

290. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің идеяларын насихаттауға бағытталған "Н. Назарбаевтың конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі орталығы" құрылды.

291. Жаһандық дінаралық диалогты дамытуға қосылған үлес ұлттар қауымдастығында Қазақстанның беделін көтерді, Нұр-Сұлтан қаласы Съездің тұрақты диалог алаңына айналды және жалпы әлемдік дінаралық диалог саласында өз орнын тапты. Халықаралық құрылымдарда Қазақстан серпінді дамып келе жатқан экономикасымен және әртүрлі этностар мен діндер адамдарының өзара түсіністігі мен құрметі негізінде топтасқан қоғамымен интеграцияланған бастамаларымен танымал болды.

Адам саудасына қарсы іс-қимыл

125.62-68-ұсынымдар

292. Қазақстан – адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі халықаралық конвенциялардың: БҰҰ-ның Құлдық туралы конвенциясының; БҰҰ-ның Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенциясының; Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияны толықтыратын Адамдарды, әсіресе, әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманың қатысушысы.

293. Таяу және алыс шет елдермен жедел-ізвестіру, жедел-анықтамалық, криминалистикалық және архивтік ақпаратпен алмасуды; сұрау салулар мен тапсырмаларды орындауды; жедел-ізвестіру іс-шаралары мен тергеу әрекеттерін, ірі ауқымды жедел-профилактикалық және арнайы операцияларды жүргізуді регламенттейтін екіжақты және көпжақты келісімдерге қол қойылды.

294. Қылмыстық кодексте адам саудасына байланысты қылмыстар үшін, атап айтқанда қанау мақсатында адамды ұрлау; қанау мақсатында бас бостандығынан заңсыз айыру; адамдар саудасы; кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту; кәмелетке толмағандар саудасы; жезөкшелікпен айналысуға тарту; жезөкшелікпен және жеңгетайлықпен айналысу үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау; адам ағзалары мен тіндерін алып қоюға немесе заңсыз алуға мәжбүрлеу үшін жауаптылық белгіленген.

295. Адам саудасына байланысты қылмыстар үшін жауаптылықты көздейтін барлық нормалар 2015 жылғы қаңтардан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық кодекстің редакциясында толық сақталған.

296. Адам саудасына байланысты қылмыстар профилактикасы, болдырмау және оларға қарсы күрес жөніндегі 5 үкіметтік жоспар кезең-кезеңімен (2004 – 2005, 2006 – 2008, 2009 – 2011, 2012 – 2014 және 2015 – 2017 жылдарға арналған) қабылданды.

297. Үкіметтің Адам саудасына байланысты қылмыстар профилактикасы, болдырмау және оларға қарсы күрес жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

298. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адам саудасына қарсы күрестегі ынтымақтастығының 2014 – 2018 жылдарға арналған бағдарламасы және Қылмысқа

қарсы күрестегі бірлескен шаралардың 2019 – 2023 жылдарға арналған мемлекетаралық бағдарламасы іске асырылуда.

299. Жоспар халықаралық практиканы зерделеу, адам саудасының құрбандарына арнайы әлеуметтік қызмет көрсету, дағдарыс орталықтары мен паналарды қолдау, қылмыстық қудалау мәселелерінде жаңа тәсілдер мен әдістерді енгізу, қызметкерлер біліктілігін арттыру, алдын алу іс-шараларын жүргізу жөніндегі іс-шаралар кешенін білдіреді.

300. 14 мемлекеттік орган, 2 халықаралық және 5 ҰЕҰ өкілдерінің қатысуымен Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді.

301. Отырыстарда заңнаманы жетілдіру, қоғамды ақпараттандыру, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру, сондай-ақ адам саудасының құрбандарына көмек көрсету және қорғау бойынша ұсыныстар әзірлеу мәселелері қаралуда.

302. Қазақстанда адам саудасының негізгі нысандары сексуалдық қанау мақсатындағы адам саудасы; мәжбүрлі еңбек; бала асырап алу мақсатында жаңа туған (жас) балаларды сату болып табылады. Криминалдық қанау үшін және адамдарды қайыршылықпен айналысуға мәжбүр ету үшін адам саудасы жекелеген жағдайлар болып табылады.

303. 2018 жылы ішкі істер органдары 276 қылмыстық іс қозғады: қанау мақсатында адамды ұрлау фактісі бойынша – 1; қанау мақсатында бас бостандығынан заңсыз айырғаны үшін – 19; адам саудасы үшін – 14; кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тартқаны үшін – 10; кәмелетке толмағандарды саудаға тартқаны үшін – 5; жезөкшелікпен айналысуға тартқаны үшін – 48 және жезөкшелікпен айналысу үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау фактілері және жеңгетайлық жасағаны үшін – 179.

304. Жәбірленушілерге психологиялық, медициналық, құқықтық және басқа да көмек түрлерін көрсететін және оларды оңалтатын ҰЕҰ жұмыс істейді.

305. 2016 жылдан бастап әрбір өңірде адам саудасынан зардап шеккендерге бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдар жұмысты жүзеге асырады.

306. Адам саудасының құрбандарын қайта бағыттаудың осы тетігі арнайы әлеуметтік көрсетілетін қызметті бағалау өлшемшарттары мен көрсету стандарттары негізінде жұмыс істейді.

307. Қазақстанның дағдарыс орталықтары одағымен бірлесіп, 2016 жылдан бастап адам саудасының құрбандарына тегін адвокаттық көмек көрсету жөніндегі жоба іске асырылды.

308. Жоба АҚШ Елшілігінің қаражаты есебінен іске асырылды және тергеу сапасына және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тартуға оң ықпал етті.

309. Адам саудасының құрбандарын қорғау және көмек көрсету "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" 2001 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде жүзеге асырылады.

310. "Жәбірленушілерге өтемақы төлеу қоры туралы" 2018 жылғы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша жәбірленуші деп танылған адамдар 2020 жылдан бастап 30 АЕК (72 000 теңге) мөлшерінде өтемақы алуға құқылы.

311. 2016 жылы ІІМ-мен Нұр-Сұлтан қаласындағы ЕҚЫҰ Офисі арасында адам саудасының құрбандарына көмек көрсету, адам саудасына байланысты қылмыстарды анықтау және ашу, сондай-ақ халық арасында алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу мақсатында ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастық нысандарын белгілейтін Хаттамаға қол қойылды.

Қолайлы қоршаған орта құқығы

125.96-ұсыным

312. 2013 жылы Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

313. Президенттің 2014 жылғы Жарлығына сәйкес "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі ұлттық баяндама Президент жанындағы "жасыл экономикаға" көшу жөніндегі кеңес отырысында әр үш жыл сайын қаралады.

314. Бірінші баяндама әзірленді және 2018 жылғы 14 мамырда Президент жанындағы "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі кеңес отырысында қаралды. Баяндамада су ресурстарын тұрақты пайдалану, орнықты және жоғары өнімді ауыл шаруашылығын дамыту, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, электр энергетикасын дамыту, қалдықтарды басқару, ауаның ластануын азайту және экожүйелерді сақтау және тиімді басқару, ел аймақтары бөлінісінде жасыл экономикаға көшуге қатысты ақпарат; сондай-ақ Тұжырымдама ережелерін іске асыру бойынша облыстар рейтингісі ұсынылды. Алынған жұмыс нәтижелері мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жасыл экономикаға көшудегі жоспарлы жұмысы туралы куәландырады. Қолда бар заңнамалық негіз және күш-жігерді жандандыру 2020 жылға қарай жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

315. Қоршаған орта сапасын сақтау, қалпына келтіру және жақсарту бойынша жағдай жасау, сондай-ақ табиғи ресурстардың пайдаланылуын бақылау және қадағалау мақсатында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі құрылды.

Қысқартулар тізімі

АӘЖ	атаулы әлеуметтік көмек
ДИАҚБ	Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро
КІА	корпоратившілік ауыстыру
ҰОС	Ұлы Отан соғысы
ДДҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
АК	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
БП	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
АПК	Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі
БЖК	бизнестің жол картасы
ПД	ішкі істер департаменті
ЕО	Еуропалық одақ
ӘҚБК	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
СІМ жанындағы "АӨДА" ККО	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы "Адами өлшем бойынша диалог алаңы" консультативтік-кеңесші органы
ІІМ	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
СІМ	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
АЕК	айлық есептік көрсеткіш
Әділетмині	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
НҚА	нормативтік құқықтық акт
ҰҚҚМ	ұлттық құқық қорғау мекемелері
ҰАТ	ұлттық алдын алу тетігі
ҮЕҰ	үкіметтік емес ұйымдар
ЕҚЫҰ	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ИЫҰ	Ислам ынтымақтастық ұйымы
МСАК	медициналық-санитариялық алғашқы көмек
БҰҰДБ	БҰҰ Даму бағдарламасы/Нұр-Сұлтан қаласындағы БҰҰ өкілдігі
ТҚҰ	туберкулезге қарсы ұйымдар
САББ	созылмалы ауруларды басқару бағдарламалары
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
АҚК	Адам құқықтары жөніндегі кеңес
ТКБ	техникалық және кәсіптік білім беру
АҚЖКБ	Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ Жоғарғы Комиссары басқармасы
ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
ӘКШ	Әмбебап кезеңдік шолу
БҚУ	Бала құқықтары жөніндегі уәкіл
АҚУ	Адам құқықтары жөніндегі уәкіл

ТДМ	тұрақты даму мақсаттары
ЮНИСЕФ	БҰҰ Балалар қоры
ЮНФПА	БҰҰ Тұрғын халық саласындағы қоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК